

“Күншуақ” бөбекжай-бақшасы” МКҚК

**Тақырыбы: «Әжелер –
көңілдің ажары, немере – көңілдің базары»**



Мақсаты: Қоғам мен отбасының өзара ықпалдастығының жаңа нысандарын дамыту, мектепке дейінгі ұйымның әлеуметтік мәртебесі мен рөлін арттыру;

Міндеті: мектепке дейінгі ұйымның қызметінде әжелерді белсенді қатысуға тарту;

- Отбасылық тәрбиенің озық тәжірибиесін насихаттау;

Ұлттық салт-дәстүрлер негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу.

– Отбасында және МДҰ –да тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерінің бірізділігін қамтамасыз ету, ұрпақтар сабақтастығын сақтау және нығайту; Аға буынға құрмет көрсету.

Ұлттық музыкалық аспаптардың үнін ажырата білуге үйрету, ұлттық аспаптарға қызығушылықтарын арттыру.

1.Ашылу салтанаты:

Балабақша меңгерушісі: сөзі

Жүргізуші: -Құрметті «Әжелер мектебінің» мүшелері, өнегелі әжелеріміз қош келдіңіздер!Әр отбасында дүниеге келген сәби ата-анасының ғана емес, туған елінің ертеңгі арқа сүйер азаматы, төл ұлтыңның туын көтерер перзенті. Отбасында ата мен әженің тәрбиесін көрген үлгі-өнегесін көріп өскен бала қай кезде дерухани дүниесі бай, көргенді, көпшіл бюолып өседі. Әже өнегесі –ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы құндылық, тәрбиенің қайнар көзі. Сондықтан балабақшамыздың бүгінгі қонақтары әжелеріміз сіздер бар баланың тәрбиесі иесі сіздерсіздер.

Ата салтым, асыл мұрам ардағым,

Бабалардың жалғастыра арманын

Сан ғасырда қалпын бұзбас қадірім,

Өткенімді бүгінменен жалғадым

Қазағымның салт-дәстүрі жаңғырған.

Салт-дәстүрді ардақтайық ағайын.

«Қазақ» атты үлкен –кіші балдырған-деп бүгінгі «Қос ішекті домбыра аспабының құдіреті» атты әжелер апталығына арналған аспаптардан шашу биімізді қабыл алыңыздар.

«Аспаптар» биі.

2. Әжелерімізді ортаға шақыралық:

3. Тәрбие мәні. «Әжелер қауымымен тәрбиелік мәнді сөздер әБала тәрбиесі» Жаңа заман талабына орай балаларды тәрбиелеу мақсатында әжелерден кеңес алу.

4. Келесі кезеңде әжелеріміздің аспаздық тәрбиесінен «Құрт –қазақтың ұлттық тағымы» (әжелер құрт жасайды)

-Көшпелі қазақ халқы құртты қалай жасаған? –әженің жауабы

-Құрт дайындау үшін қандай ыдыстар пайдаланады? (саба, піскек, шыпта, сөре немесе қан)

-Құрттың қандай түрлері болады? (жас құрт, жарма құрт, сықпа құрт, кепкен құрт)

-Құрттың қандай емдік қасиеті бар?

-Түйенің сүтінен құрт жасауға бола ма?

Жас құрт-қайнатылған құрт сүзіліп, сорғығаннан кейін кепкенге дейін.

Жарма құрт- суы сорғыған құртты қолмен сындырып яғни жарып кесек-кесек етіп сөреге жаяды.

Сықпа құрт- жарма құрттан қалған құрттың үгіндісін жинап, қолмен сығып қояды.

Ежегей- көбінесе күзге қарай дайындалатын, қатты құртқа тісі өтпейтін қарттар мен балаға арналған құрт.

Малта-бұл көбінесе жуанның жіңішкергенің үзілер кезі саналған қыстың соң мен көктемнің басында жасалады.

Езбе құрт-езіп жасалады.

Сүзбе құрт-айранды сары суынан айырғаннан кейін сықпалап, қатырып жасайды.

Қазақ халқының байырға тағамы –құртты жасау: қазақ төл өнімдерін ежелде әжелеріміз жасаған екен. Құрттың құрамында кальций, клий, темір сияқты дәрумендер мен ақуыздарғапайдалы қышқылдарға бай өнім. Қазақ халқының ұлттық өнімі құрттың құрамы ерекше құнарлы. Құрт

тағамы қонаққа кәде ретінде де беріледі. Қазақтың «күрт-май» деген атауының астарында бұл тағамның дастархандағы орны ерекше.

5. «Зергерлік шеберхана» Білезік білекке тағатын әшекейлі, сәндік бұйым. Білезіктің түп төркіні белек және жүзік сөзінен туындаған. Білезік қымбат металдардан жасалады. Білезіктің көлемі, пішіні әр түрлі болады қола, жез, күміс, алтын металдарынан жасалады.

Ақ білезік: адамның буыны ауырғанда аяққа салып жүретін білезік түрі, ақ білезік күмістен жасалады. Білезік әшекей түрлері сәндік әсемдік үшін де тағылады, оны қазақ халқы әйел адамдар бір –біріне тарту етіп сыйға беретіндері де бар. Сондықтан бүгінгі зергерлік шеберханамызды «Білезік»(фальга материалынан) жасап әжелерімізге тарту етелік. *(әжелер әндегіп жасай береді)*

6. Домбыра- қазақ тұрмысында кеңінен тараған музыкалық аспап. Қазақ домбырасы бұл-қатты ағаштан жасалған, екі ішекті шертпелі аспап. Домбырамен Ақан –Сері, Біржан-сал, Жамбыл бейнелері осы домбыраның сүйемелдеуімен байланысты болған.

Домбыра-қазақтың қасиетті аспабы, құнды байлығы, таптырмас қазынасы. Ұлы Қадір Мырза Әлінің «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген екен.

Жетіген- қазақ халқының көп ішекті шертпелі аспабы. Жалпы сызылтқан дауысы құлаққа жағымды әрі әсерлі аспап.

Сазсырнай- сопақша келген, үлкендігі қаздың жұмыртқасындай болғаны мен сазсырнайды ойнай отырып, балалар аң-құстар мен табиғат дыбыстарын шығарған.

Дауылпаз- қазақтың ұрып ойналатын көне саз аспабы. Ертеректе бұл аспап соғыс құралы ретінде айбар беріп, қыр көрсету үшін қолданған. Бертін келе аңшылықпен құсбегілікке де пайдаланған. Дауылпаз шапаты –өзегі алынған сырты жұмыр бітеу ағаштан ойып жасаған.

Сылдырмақ- сілкілемелі аспаптардың қатарында жататын қазақ халқының көне музыкалық аспабы., тұтасымен қола, мыс, жез секілді материалдардан шырша мен үйінкі сияқты ағаштардан жасалған сыңғырлаған аспап.

Асатаяқ- қазақ халқының ежелгі музыкалық аспабы. Асатаяқ «күмбезді», жалпақ басты, ай басты болып келеді. Оларды ырғататып, сілкіп, шайқап ойнайтын аспап. Асатаяқты емен, үйінкі, қайың ағаштарынан жасайды.

Шаңқобыз- темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі бар көне музыкалық аспап.Шаңқобыз-ежелден келе жатқан аспап және оның бітімі бөлек болғанмен, оның құрылымы өте қарапайым.

Тұяқтас- қазақ тұрмыс салтында ежелден бар музыкалық аспап. Жаңа сойылған жылқының тұяғын кесіп алып, суға қайнатады, тұяқтың іші сүйегі босап, сыртқы қабығы бөлінеді. Бұдан тұяқтас аспабын жасаған.

Балабақша дене шынықтыру нұсқаушысы: «Бес асық» ойынын ұсынады

7. Балабақша психологі: сөз берейік

8. «Тиімді әрі пайдалы» әжелермен жүннен жасалған қолқнерлері «Қазақ халқының қолөнері» Жүннен жасалған бұйымдар ұсыну, жасалу жолдарын т.сіндіру. Қазақ халқының мал өнімдерінен шыққан пайдалы жүн, жүннен жіп жасап тоқыма тоқып, кілем бастырған туралы әжелерімізден сұрақ-жауап үнемділік пен тәрбиелігі туралы мәлімет білу.

9.Тренинг. Балабақша психологі.

«Әлемді әнмен тербеткен» тақырыбында музыкалық тренинг .

10. Қорытыта келе, әже өнегесі-ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылық, тәрбиенің қайнар көзі. Әже тәрбиесін алған бала «тәрбиелі бала», «көргенді бала» деп баға беріп жатады. Әжелермен өткізген әрбір шара түрлері мен әдістері отбасы мен педагогикалық мәдениетті арттыруға мектепке дейінгі ұйым мен байланысты нығайту, бала тәрбиесіне ат салысу. Мұндай тәрбие алған бала жан-жағы жетілген, бойында ұлттық құндылықтар, сана-сезімі қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру болып табылады.

Осымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Әжелер мектебінің» **«Қос ішекті домбыра аспабының құдіреті»** тақырыбындағы апталықтың төртінші күні тәмамдады, баршаңызға рахмет!

Балабақшамыздың Ән «Әжетайым»

Құрметті қонақтар, әжелер, құрметті қонақтар және әріптестер « » бөбекжай-бақшасының» ұйымдастырған әжелер мектебі шарасы аяқталды, сіздерге көптен көп рахмет, Сау болыңыздар!

Қазақ халқының ұлттық тағамы: Бауырсақтың жасалу жолдары.

